



Интеллектуалды технология игілігі



Коллаж жасаған Шынар Аманжол

Қазір адам баласының өмірі ұялы телефонға байланған. Ұйқыдан тұра сала телефонын алып, әлеуметтік желідегі жаңалықтарды қарайды, банктік төлем жасайды немесе интернет-дүкеннен тауар таңдайды. Бірақ, цифрлы мүмкіндіктің көлеңкесінде елусіз әрі өте қауіпті интернет-алаяқтық атты «жаудың» жасырынып жатқанын білесек те, кейде қамсыздық танытамыз.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

онлайн-дүкеннің сатушысы немесе таныс адамның бейнесінде көрсетіп, сенімге кіріп, сан соқтырады. Бейкам жүргенде байқамай шотындағы соңғы тиынға дейін жоғалтып, өз атына ашылған картаның көмегімен қылмысқа серік болуы әбден ықтимал.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында осы мәселеге

айрықша тоқталып, интернет-алаяқтықты ұлттық қауіпсіздік деңгейінде қарастыру қажеттігін қадап айтты. «Ақпараттық сауаттылық – жаңа заманның қалқаны» деген ұстаныммен елімізде киберқылмысқа қарсы интеллектуалды технологияларды енгізудің нақты тетіктері қолға алынған. Енді әр азамат осы майданның алдыңғы шебінде тұруы тиіс.

Қарағанды қаласы полиция басқармасы ұсынған дерек бойынша, кеншілер қаласында 2025 жылдың 7 айында 2819 қылмыстық оқиға тіркелген. Оның 1557-сі – алаяқтық болса, соның 997-сі – ин-

тернет алаяқтық. Яғни, қазір әрбір екінші алаяқтық цифрлы кеңістікте орын алуда.

Бүгінгі қылмыскер бұрынғыдай бетперде киіп көшеде бой тасалап жүрмейді. Ол – цифрлы құрылғылардың ар жағында, қарапайым жұрттың сенімін қару еткен кибер жыртқыш.

Президент тапсырмасы аясында интернет-алаяқтықпен күреске кешенді тәсіл қажет екені айқындалды. Бұл бағытта қабылданған басты жаңалық – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне енгізілген 232-1-бап.

➤ 3-бет

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Шын мұқтажға – шынайы көмек

Қазақстанның екі өңірінде пилоттық жоба ретінде отбасылардың әл-ауқат деңгейін анықтаудың балдық үлгісі енгізіліп, мемлекеттік қызмет көрсетудің жаңа тәсілі сынақтан өтуде. Бұл өңірлер қатарында Шымкент қаласы мен Қарағанды облысы бар. Әлеуметтік қолдау шараларын алуға өтініш білдірген барлық отбасы 6 санатқа жіктеліп, олардың ішінен шын мұқтаждары іріктеледі.

Жоба Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бірыңғай цифрлық платформасы арқылы іске асырылады. Жаңа жүйе бойынша отбасының әл-ауқат деңгейі 23 әлеуметтік-демографиялық және экономикалық критерий бойынша бағаланады. Бұл ретте табыс, жылжымайтын мүлік пен көлік саны, несиелік міндеттемелер сияқты материалдық көрсеткіштермен қатар, денсаулық жағдайы, мүгедектік, білім деңгейі секілді материалдық емес факторлар да ескеріледі.

Қосымша қолдау шараларына өтініш білдірген барлық отбасы 6 санатқа жіктеледі – аса қажеттіліктен (азықтүлікке қаражаттың болмауы) жоғары әл-ауқатқа дейін (қаржылық қиындықтар жоқ).

Көмек барлығына бірдей берілмейді, шын мұқтаж азаматтарға бағытталыады.

Алғашқы бес санаттағы отбасыларға жергілікті бюджет есебінен қосымша қолдау автоматты түрде тағайындалады. Бұл мектепте тегін тамақтандыру, студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету, тұрғын үй көмегі, санаторийлік емдеу сияқты шараларды қамтиды. Ал, жағдайы жақсы 6-санаттағы отбасылар мұндай қолдаудан тыс қалады.

Айта кетейік, жаңа үлгі республикалық бюджеттен төленетін барлық негізгі әлеуметтік жәрдемақыларға әсер етпейді. Зейнетақы, бала күтімі бойынша төлемдер, көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақылар бұрынғыдай сақталады.

Көмекке мұқтаж азаматтарға қолдау көрсетуді көздейтін жоба өз тиімділігін дәлелдесе, еліміздің өзге өңірлеріне де енгізілмек.

Өз тілшімізден

• БӘРЕКЕЛДІ!

Аида үмітті ақтады

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бокстан Liverpoolде өткен әлем чемпионаты мәреге жетті. Бұл турнирде Ұлттық құрама спортшылары үздік нәтиже көрсетіп, жалпыкомандалық есепте көш бастады. Атап айтсақ, ел қоржынына жеті алтын, бір күміс және екі қола жүлде түсті. Спортшылар ел үмігін ақтады. Солардың қатарында 65 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен жерлесіміз Аида Әбікеева да алтыннан алқа тақты. Әрі осы жылы қатарынан екі мәрте әлем чемпионатын жеңіп, әлемнің екі дүркін чемпионы атанды. Сонымен қатар, ұлттық құрама сапында аса ауыр салмақта қолғап түйістірген Айбек Оралбай Қазақстан қоржынына тарихи алтын жүлде салды. Одан бөлек, ағайынды Махмұд пен Төрехан Сабырхан бір турнирде қатар жеңімпаз атанып, бір додадан қос алтын алған ағайынды спортшылар ретінде есімдері тарихта қалды.



Аидаға артылған сенім зор еді. Бұған дейін ол Сербияның Ниш қаласында өткен әлем чемпионатында жеңіске жеткен-тін. Бергінде Елордадағы Әлем кубогында

қола жүлде еншіледі. Сондықтан бұл жолы жанкүйерлер алтыннан үміттенген болатын. Сол сенім ақталды.


Алайда Аиданың чемпион-

дыққа жеткен жолы оңай болған жоқ. Қарсыластарының қай-қайсысы да мықты еді.

➤ 4-бет

Қыс қаһары қамсыздықты көтермейді

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кезекті аппараттық кеңесте 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымына дайындық мәселесі жан-жақты қаралды. Осы жылдың күзгі-қысқы кезеңіне дайындық барысын баяндаған облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев өңірде барлық негізгі жұмыстардың аяқталуға жақындап қалғанын жеткізді.



Информация жасау: Арнайым КОКТЕА

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Қазіргі уақытта дайындық деңгейі 99,5%-ды құрайды, барлық жоспарлы жөндеу жұмыстары уақытында аяқталуда, — деді спикер.

Салалық басқарма басшысының айтуынша, өңірдің энергетикалық инфрақұрылымы мен жылу көздеріндегі жаңартулар қысқы маусымға әзірлікті айтарлықтай жақсартып, тұрғындарды жылумен қамтамасыз ету мәселесі толығымен шешілген. Атаулы бағытта маңызды ауқымды жұмыстар атқарылды. Мәселен, 7 энергия көзі, 603 жергілікті жылу көзі, 1 500 шақырымға жуық инженерлік желілер мен 1 100-ден астам әлеуметтік нысан және 5 900-ге жуық көпқабатты тұрғын үй қамтылды. «Жылыту маусымына дайындық біз күткендей жоғары деңгейде жүріп жатыр.

Ендігі жерде тек көмір мен мазут қоры толықтырылып, ақаулардың алдын алу қажет», — деп қорытындылады Тілектес Досаев.

Атаулы бағытта айтарлықтай ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып, өңірдің энергетикалық әлеуеті айтарлықтай күшейтілді. Мәселен, Теміртаудағы екінші жылу электр орталығында жаңа, қуатты қазандық іске қосылып, жылу өндіру қуаты едәуір артты. Кейінгі кешенді жаңарту амалдары қала тұрғындарының қыс мезгілінде жылумен қамтамасыз етілуін жақсартып, ауқымды энергия тапшылығын болдырмайды. Сонымен қатар, Топар стансасында жаңа турбина іске қосылып, жылу өндірісінің тиімділігі жоғарылады. Жетелі жоба энергетикалық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, аманда желілердің жүктемесін азайтуға тың мүмкіндік береді. Ал, Қарағанды қаласында үшін-

ші жылу шығару жобасы аяқталып, қала тұрғындарын әрі қарай үздіксіз жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі артты. Осылайша, аймақтағы инфрақұрылымдық жаңартулар тек қана жылу қуатын көбейтіп қоймай, өңірдің энергетикалық тәуелсіздігін де нығайту жолына ойысты.

Станса қоймаларында қазірдің өзінде 1,5 миллион тоннаға жуық көмір мен 11 мың тонна мазут жинақталған. Қомақты қор қысқы маусымда тұрғындар мен коммуналдық қызметтердің қажеттіліктерін толықтай қамтамасыз етуге жеткілікті. Қазіргі уақытта көмір жеткізу жұмыстары жалғасып, барлық қажетті аймақтарға уақытылы жеткізілуі қамтамасыз етілуде. Әкімдік пен жауапты органдар осы үдерісті жіті бақылауда ұстап, отынның тапшылығын болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауда. Қысқы кезеңге дейін көмір мен мазуттың жеткілікті

Қалдық та кәдеге жарайды

Қарағандыда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тың бастамалар қарқын ала бастады. Қала тұрғындары тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинауға дағдыланып, осы үрдісті кеңінен насихаттауға үлес қосып келеді. Осы мақсатта биыл Орталық саябақта алғаш рет Taza Qala Eco Fest экологиялық фестивалі ұйымдастырылды. Шара аясында экологиялық мәдениетті дамыту және қалдықтарды қайта өңдеу мәселесі түсіндірілді. Фестивальге облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей қатысып, жиналғандарға ізгі тілегін жеткізді. Сондай-ақ, жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Айсұлу Ерниязова мен ECO Network ұйымының негізін қалаушы Евгений Мұхамеджанов акцияның маңызына тоқталып, қоршаған ортаны қорғау жолындағы әр азаматтың үлесін атап өтті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жыл басынан бері өңірдегі еріктілер мен жастар 50-ге жуық экологиялық акцияға қатысқан. 200 гектар аумақты қоқыстан тазартып, 70 мың тоннаға жуық қоқыс қалдықтарын шығарыпты. Әлібек Үсенұлы өз сөзінде фестивальдің ерекшелігіне тоқталып, маңыздылығын атап өтті.

— Бүгінгі іс-шараның мақсаты — жаңа дағдыларды үйрену. Бытырғы жылы Қарағандыдағы үш мектеппен бірлесе пилоттық режимде «Эко класс» жобасын іске қосқан болатымыз. Биыл осы жобаға қызығушылық танытып отырған мектептің саны 40-қа жақындады. Осы жолы арнайы эко-хаб ашуды жоспарлап отырмыз. Яғни, бұл жерде барлық сала мамандарының басы қосылмақ, — деді Әлібек Үсенұлы.

Фестиваль басталмас бұрын БАҚ өкілдеріне Қарағандыдағы қоқыс өңдеу зауытының жұмысы таныстырылды. Арнайы ұйымдастырылған экскурсияда зауыттағы өндіріс барысы көрсетіліп, тұрмыстық қалдықтардың қалай

сұрыпталатыны, қандай өнімге айналатыны кеңінен түсіндірілді. Мұндағы мақсат тұрғындарға тұрмыстық қалдықтардың қайта өңделу жолын көзбен көрсетіп, экологиялық мәдениетті арттыру еді. Ал, Орталық саябақта ұйымдастырылған фестивальдің де мақсаты осы еді. Көпшілікке қоқыс қалдықтарының қалай өңделетіні түсіндіріліп, өнімдерін ел арасына таратты. Саябаққа кіре бергенімізде еріктілер тобы қарсы алды. Олар тұрғындардан пластик, шыны бөтелке, қағаз және өзге де қалдықтарды қабылдап, орнына арнайы Eco Cop монетасын ұсынады. Айта кетерлігі, бұл ерекше монета бөтелке қақпақтарынан жасалған.

— Біз үшін қоршаған ортаның тазалығы маңызды. Сондықтан, осындай іс-шаралардан қалыс қалмауға тырысамыз. Дәл осы іс-шара баршамыз үшін пайдалы. Олай деуімің себебі — әр қала тұрғыны демалыс күні саябаққа тек серуендеп қайтпайды. Анығында, қалдықтардың қалай өңделетінін, әрі қалай жасалатынын көзбен көріп қайтады. Әрі көшеде жатқан қоқыстарды бізге әкеліп, Eco cop монетасын



алады. Дәл осындай монеталарды жинап, біздің арнайы ұйымдастырған ойынға қатысады. Ал, ойын барысында түрлі ойыншықтар ұтып ала алады, — деді «Жастар рухы» қоғамдық бірлестігінің белсендісі Муниса Дәуелова.

Фестиваль қонақтары үшін орталық саябақта ерекше ойын алаңдары да жасақталды. Мұнда баскетбол, велоэргометр, монополия секілді спорттық әрі танымдық құрылғылар орнатылған. Қатысушылар түрлі тапсырмаларды

орындай отырып, монеталарды жинауы шарт. Ал, жиналған монеталарды түрлі сыйлықтарға айырбастай алады. Айрықша атап өтерлігі, сыйлықтардың барлығы да қайта өңделген материалдардан жасалған.

Ерекше құрылғылардың бірі — арнайы орнатылған велоэргометр. Ол бөтелке қақпақтарын ұсақтауға арналған. Қатысушылар велосипед педалін басқан сайын қақпақтар майдаланып, қайта өңдеуге дайын өнімге айналды. Ұсақталған

• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Мықтылар марапатталды

Қазақстанның төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов жұмыс сапарымен Қарқаралы ауданына келді. Ол жөндеуден өткен №16 өрт сөндіру бөлімінің ашылу салтанатына қатысып, мұндағы қызметкерлерді заманауи талапқа сай жаңартылған ғимараттың ашылуымен құттықтады. Облыс әкімінің орынбасары Руслан Кенжебеков пен азаматтық қорғаныс саласының ардагерлері де осы мазмұндағы ізгі тілектерін білдірді.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңіме болып отырған жиында осы өрт сөндіру бөлімінің құрделі жөндеу жұмысына еңбегі сіңген азаматтар марапатталды. Атап айтқанда, төтенше жағдайлар министрінің Алғыс хатымен аудан әкімінің міндетін атқарушы Саят Мусин, Қарқаралы қаласындағы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға анықтаушысы, азаматтық қорғаныс лейтенанты Нұрлан Іргебаев, мекеменің қарауыл бастығы, азаматтық қорғаныс капитаны Ақжолтай Мәжит, №16 бөлімнің аға шебері, азаматтық қорғаныс сержанты Рустам Пұштаев, аудандағы жедел құтқару бөлімшесінің құтқарушысы Дидар Кітанов марапатталды.

Сонымен бірге, ауданның Төтенше жағдайлар бөлімінің бас-

шысы, азаматтық қорғаныс майоры Алмас Ыбыраевқа Төтенше жағдайлар министрлігінің «Азаматтық қорғаныс жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі табыс етілді.

Бөлім қызметкерлерін марапаттау рәсімі одан әрі жалғасып, №16 өрт сөндіру бөліміне «КамАЗ» автомобилі базасындағы арнайы өрт сөндіру техникасы және Қарқаралы ауданының жедел құтқару бөлімшесіне «Тойота Хайлюкс» маркалы автокөлігі сыйға тартылды.

Жөндеуден өткен бөлімнің тұсаукесер рәсімі жасалғаннан кейін мәртебелі меймандар қайта жабдықталған мекемені аралап көріп, «Тілек кітабына» жүрекжарды лебіздерін қалдырды.

Сурет Қарқаралы ауданы әкімдігінің сайтынан



Мәселен, кол инжекторы арқылы пластикті қыздырып, түрлі пішіндегі бұйымдар жасауға болады. Сол тәсілмен үстелдің беткі қаптамасы мен орындықтарды да дайындаймыз. Бұл бер жағы. Зауытта бұдан да басқа дүниелер жасалуда. Мұның еш зияны жоқ, керісінше, тұрмысқа пайдасын тигізуде.

қойған жоқ. Қоқысты пайдаға жаратуға болатынын іс жүзінде нақты көрсетіп берді. Ең бастысы, мұндай бастамалар алдағы уақытта өңірде экология саласының қарқынды дамуына жол ашады деген сенім бар.

Суреттер облыстық Жастар ресурстық орталығынан

Интеллектуалды технология игілігі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Яғни, енді, өз атына ашылған банк картасы мен есепшотын бөтен адамға берген азаматтың өзі де қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Ол үшін 160 АЕК көлеміндегі айыппұлдан бастап, 7 жылға дейін бас бостандығынан айыруға дейін баруы мүмкін.

Аталған заң аңқаулықтың қылмысқа төте жол екенін ескертіп отыр. Өйткені, қазіргі алаяқтар көбіне адамдардың сенгіштігін пайдаланып, оларды қылмыстық жүйеге бейсаналы түрде тартуда.

Айта кетер жайт, бұл әрекет білместікпен жасалған күннің өзінде де кешірілмейді. Себебі, алаяқтар дәл осы «көмектесе салу», «танысым сұрады» деген жеңіл сенімге сүйеніп, өз істерін жүзеге асырады. Ал, картасын берген адам алаяқтыққа тікелей қатысы бар тұлға ретінде қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

– Қылмыстың сипаты өзгеріп барады. Бұрын есік бұзатын ұры болса, қазір қолындағы смартфон арқылы бір мезетте жүздеген адамды қан қақсататын алаяқтар көбейді. Сондықтан, қылмысты тергеумен қатар, оның алдын алумен де белсенді айналысып жатырмыз. Әркім банк картасын, жеке шотын өзгеге бермей, заң талабы мен қауіпсіздігін түсініп, өз дерегін қорғауға жауапкершілікпен қарауы керек, – деп ескертті Қарағанды қалалық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Бауыржан Омаров.

Сенімді тосқауыл

Бүгінде Президент тапсырмасы аясында цифрлы қауіптерге қарсы заманауи интеллектуалды жүйелер де енгізілуде.

Атап айтсақ, «Антифрод-Центр» жүйесі іске қосылып, банктер мен құқық қорғау орган-



Қолжазба жасаушы Алексей Галамхан

дары арасында шұғыл дерек алмасу механизмі орнатылды.

Сонымен қатар, банктер күмәнді транзакциялар кезінде SMS және push-ескерту, геолокация бойынша тексеру, екі факторлы аутентификация сынды қорғаныс жүйелерін енгізуде. Жасанды интеллектке негізделген бақылау алгоритмдері де күдікті әрекеттерді дер кезінде анықтап, операцияларды автоматты түрде тоқтатуға мүмкіндік беріп отыр.

Бүгінде азаматтарды алдау тәсілдері күн сайын түрленіп келеді. Мәселен, банк қызметкері болып хабарласып, SMS-код сұрайды. OLV тәрізді сайттарда жалған сатып алушы кейпінде шығып, карта деректерін алдап алады. QR-код арқылы вирус таратады. Ал алаяқтықтан түскен қаражатты дәл сол «жөнсіз қарталар» арқылы қолма-қол ақшаға айналдырады.

Интернеттегі қауіптерге қарсы тұру үшін әр азамат цифрлық гигиена мен қаржылық қауіпсіздікті ұстануы шарт. Яғни, банк картасын, шотын және онлайн-банкінг деректерін ешкімге бермеу, күмән тудыратын ұсыныстарға «жоқ» дей білу, күрделі,

жеке парольдер қолдану және екі факторлы аутентификацияны қосу, күдікті сілтемелер мен хаттарды ашпау, белгісіз қоңырауларға жауап бермей, деректерді жария етпеу.

Қоғам мен билік тізе қосса

Қарағанды қаласы – интернет-алаықтықпен күрестегі кешенді жұмыстардың нақты нәтижесін көрсетіп отырған өңір. Полиция департаменті мен екінші деңгейлі банктер бірлесіп, қаржы секторында алаяқтықты болдырмауға арналған оқыту семинарларын тұрақты түрде өткізеді. Мәселен, «Халық банк», «Жусан банк» сынды мекемелер өз қызметкерлерін киберқылмысты анықтап, алдын алғаны үшін арнайы марапаттармен көтермелеп отыр.

Мектеп оқушыларына арналған «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы арқылы 5-11 сынып оқушыларына интернеттегі фишинг, кибербуллинг, жеке деректерді қорғау, хакерлік шабуыл сынды қауіптер туралы сабақтар жүйелі түрде ұйымдастырылады.

2025 жылы қалада мүлтіккі қылмыстар 7,9%-ға, ал пәтер ұр-

лығы 22,5%-ға азайды. Бұл – тек құқық қорғау органдары емес, тұтас қоғамның ортақ нәтижесі.

Бір айта кетерлігі дамыған елдер де бұл проблемаға бей-жай қарамай отыр. Мысалы, Ұлыбритания – мектеп бағдарламасына киберқауіпсіздікті енгізіп, балаларды фишингтен қорғауа машықтандырса, Германия – федералдык деңгейде арнайы Cybercrime Unit құрып, жалған сайттарды AI арқылы бұғаттайды. АҚШ интернет-қауіпсіздікті ұлттық қауіпсіздікпен тең қойып, транзакцияларды толық бақылауда ұстайды.

Елімізде де бұл тәжірибелер ескеріліп, зерделеніп, өз заңнамамыз бен қорғаныс тетіктеріміз жетілдірілуде.

Цифрлы кеңістіктегі қауіптің бет-бейнесі өзгергенімен, мақсаты біреу-ақ. Алдау арқылы табыс табу. Сондықтан, интернет-алаықтарға қарсы күресте басты қару – ақпараттық сауаттылық пен сергектік екенін білген жөн. Мемлекет өз тарапынан заңды күшейтіп, технологияның түр-түрін енгізіп келеді. Алайда, әр азаматтың «мен бұған алданып қалмаймын» деген сенімі ғана емес, білімі мен сақтығы маңызды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«АК Алтыналмас» Акционерлік Қоғамы 2025 жылдың 22 қазанында сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а.о., Ортадересін а., Орынбек Жаутиков к-сі №20 (Ортадересін а.о. әкімдігінің конференц-залы) мекенжайы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Тыңдалым барысында Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында орналасқан «АК Алтыналмас» АҚ Пустынное КБК жұмыс жобасына («Долинное» және «Пустынное» кен орындары аумағында орналасқан «АК Алтыналмас» АҚ «Долинное» және «Пустынное» кен орындарындағы шығыс материалдарының қоймасын ескере отырып және «АК Алтыналмас» АҚ «Пустынное» алтын өндіру фабрикасы №3 қалдық қоймасын қайта жанарту және «Пустынное» кен орнының қорларын игеру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары (бұрын орындалған жобаны түзету), «АК Алтыналмас» АҚ «Пустынное» ЗИФ №2 диірменінің бастапқы ұнтақтау корпусын және резервтік толықтыру желісін салу» жұмыс жобасына әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар («Рұқсат етілген шығарылымдар нормативтерінің жобасы», «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Қоршаған ортаны қорғау белімі», «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары») талқыланады.

Жобалық құжаттамалармен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында ndbecology.gov.kz және Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында

https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/?lang=kk танысуға болады. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде және Қарағанды к., Лобода к-сі, 20 үй, e-mail: expertiza_upr_krg@mail.ru мекенжайы бойынша қабылданады, сондай-ақ жобалар бойынша қосымша ақпаратты және Zoom конференцияларына қосылу сілтемесін e-mail: esir_01@mail.ru электрондық поштасы немесе 87759701794 нөмірі бойынша алуға болады. Жобаның тапсырыс берушісі: «АК Алтыналмас» Акционерлік Қоғамы, «АК Алтыналмас» АҚ қоршаған ортаны қорғау Департаментінің директоры – Бақтығали Абырай Аманұлы, БСН: 950640000810, e-mail: symbat.zhaxylykov@altynalmas.kz. Заңды мекенжайы Қазақстан Республикасы, Алматы к., Медеу ауданы, Елебеков көшесі, 10 үй. Жобаны әзірлеуші «Экологический центр инноваций и реинжиниринга» ЖШС, Бас директор Хусайнов М.М., БСН:130740012440, Мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қойгелді көшесі, №55. Электрондық адрес e-mail: esir_01@mail.ru, тел:87759701794. Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а.о., Ақжайдақ ауылы. Әсер ету аумағының географиялық координаталары: 46°83'19"С.Е. және 75°94'08"Ш.Б. Кен орны географиялық координаттары: 46°59'57"С.Е. және 76°14'54"Ш.Б. Онлайн қосылу сілтемесі: https://us06web.zoom.us/j/86709679601?pwd=eFtAbQxhYUkCEUln2oc5pD2Vdc0.1, Конференция идентификаторы: 867 0967 9601, Күрді коды: 123456

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Акционерное общество «АК Алтыналмас» сообщает, что 22 октября 2025 года в 15:00 часов по адресу Карагандинская область, Актотайский район, Ортадересинский с.о., с. Ортадересин, ул. Орынбек Жаутиков №20 (конференц-зал акимата Ортадересинского с.о.) будут проведены общественные слушания в форме открытого заседания собрания. Обсуждению подлежат материалы для получения экологического разрешения на воздействие (Проект нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, Раздел охраны окружающей среды, План мероприятий по охране окружающей среды) ГОК Пустынное АО «АК Алтыналмас» с учетом «Склад расходуемых материалов на месторождении «Долинное» и «Пустынное» АО «АК Алтыналмас» расположенный на территории месторождения «Долинное» и «Пустынное», «Реконструкция хвостохранилища №3 ЗИФ Пустынное АО «АК Алтыналмас» и «План горных работ разработки запасов месторождения «Пустынное» (корректировка ранее выполненного проекта), Строительство корпуса первичного измельчения и резервной линии питания мельницы №2 ЗИФ «Пустынное» АО «АК Алтыналмас» расположенного в Актотайском районе Карагандинской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz, и на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области: https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/?lang=ru. Все замечания и/

или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на информационной системе ndbecology.gov.kz и/или по адресу: г.Караганда, ул. Лободы, 20, e-mail: expertiza_upr_krg@mail.ru. Также дополнительную информацию по проектам и ссылку на подключение к конференциям Zoom можно получить по электронной почте e-mail: esir_01@mail.ru или по номеру 87759701794. Заказчик проекта: Акционерное общество «АК Алтыналмас», Директор департамента Охраны окружающей среды АО «АК Алтыналмас» – Бақтығали Абырай Аманұлы, БИН: 950640000810, e-mail: symbat.zhaxylykov@altynalmas.kz Адрес: г. Алматы, Медеуский район, улица Елебекова, дом 10, Тел: +7 (7273) 500-200. Разработчик проекта ТОО «Экологический центр инноваций и реинжиниринга» (Генеральный директор Хусайнов М.М., БИН: 130740012440, e-mail: esir_01@mail.ru или тел: 87759701794 адрес: Жамбылская область, г.Тараз, ул. К.Койгелды, №55. Территория воздействия: Карагандинская область, Актотайский район, Ортадересинский с.о., с.Ақжайдақ. Географические координаты территории воздействия: 46°83'19"С.Ш. и 75°94'08"В.Д. Географические координаты месторождения: 46°59'57" С.Ш. и 76°14'54" В.Д. Ссылка на онлайн конференцию: https://us06web.zoom.us/j/86709679601?pwd=eFtAbQxhYUkCEUln2oc5pD2Vdc0.1, Идентификатор конференции: 867 0967 9601, Код доступа: 123456

№340

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2025 жылдың 24 қыркүйегінен бастап **«Қарағанды облысындағы Спасск мыс кені аймағында мыс, алтын және ілесне компоненттерге барлау жүргізу» барлау жоспарының қоршаған ортаны қорғау бөлімі**

Жоспарланған қызметтің географиялық координаталары төменде келтірілген:

Аумақ нөмірі	Географиялық координаталары	
	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
1	2	3
1	50° 20' 00"	72° 54' 00"
2	50° 00' 00"	73° 09' 37.80"
3	50° 00' 00"	73° 16' 05.95"
4	49° 24' 58.91"	72° 09' 09.95"
5	49° 20' 00"	72° 24' 38.68"
6	49° 23' 19.25"	72° 44' 45.43"
7	49° 34' 11.37"	72° 44' 06.57"
8	49° 20' 00"	74° 00' 00"
9	49° 30' 01"	73° 44' 57.0"
10	49° 31' 20.21"	73° 56' 32"
11	49° 31' 32.52"	74° 00' 10"
12	49° 29' 33.57"	74° 28' 40.67"
13	49° 40' 00"	75° 00' 00"
14	49° 49' 00.90"	75° 04' 11.10"

Геологиялық барлау учаскелерінің толық географиялық координаталары Жобада көрсетілген.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН: 05014000656. Өкілі: Баймұхан А.Қ., тел. 8 (7212) 95-74-01, эл. мекенжайы: Akzhol.Baimukhan@kazakhmys.kz

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН: 060641009902. Өкілі: А.Б. Сулейменова, тел. 8 (7172) 55-76-71, эл. мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz

Жоба материалдары https://

ndbecology.gov.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күнінен бастап https://ndbecology.gov.kz сілтеме бойынша 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz электрондық пошта және 8 (7172) 55-76-71 телефон нөмірі арқылы сұратуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате публичных обсуждений по разделу **охраны окружающей среды (РООС) к «Плану разведки «Проведение разведки меди, золота и попутных компонентов на Спасской меднорудной зоне в Карагандинской области» (далее – Проект) с 24 сентября 2025 года.**

Территории воздействия: Карагандинская область Абайский район, Бухар жырауский район и Осакаровский район.

Географические координаты намечаемой деятельности приведены ниже:

Номер территории	Географические координаты	
	Северная широта	Восточная долгота
1	2	3
1	50° 20' 00"	72° 54' 00"
2	50° 00' 00"	73° 09' 37.80"
3	50° 00' 00"	73° 16' 05.95"
4	49° 24' 58.91"	72° 09' 09.95"
5	49° 20' 00"	72° 24' 38.68"
6	49° 23' 19.25"	72° 44' 45.43"
7	49° 34' 11.37"	72° 44' 06.57"
8	49° 20' 00"	74° 00' 00"
9	49° 30' 01"	73° 44' 57.0"
10	49° 31' 20.21"	73° 56' 32"
11	49° 31' 32.52"	74° 00' 10"
12	49° 29' 33.57"	74° 28' 40.67"
13	49° 40' 00"	75° 00' 00"
14	49° 49' 00.90"	75° 04' 11.10"

Полные географические координаты угловых точек территории геологоразведочных работ приведены в Проекте.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 05014000656. Представитель: Баймұхан А.Қ., тел.: 8(7212) 95-74-01, эл. адрес: Akzhol.Baimukhan@kazakhmys.kz

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 060641009902. Представитель: Сулейменова А.Б., тел. 8 (7172) 55-76-71, эл. адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz

Материалы проекта размещены на сайте https://ndbecology.gov.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке https://ndbecology.gov.kz.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172) 55-76-71.

д

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2025 жылдың 16 қыркүйегінен бастап **ҚарБЭТС-2-ден «Нұрқазған» кен орнына дейінгі ЖКСЖ-110кВ электр беру желілерінің жер учаскелерін орман қорының жерлері санатынан орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру бойынша** жария талқылаулар форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Ықпал ету аумақтары: Қарағанды облысы, Теміртау к. және Саран к.

Жер аудару Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Қарағанды орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі шаруашылық» КММ аумағында жоспарлануда.

Жерді қолдану мақсаты: «ҚарБЭТС-2 – Нұрқазған» ЖКСЖ-110кВ салу және пайдалану үшін.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате публичных обсуждений по **переводу земельных участков линий электропередач ВЛ-110кВ от КарПРЭС-2 до месторождения «Нурқазған» из категории земель лесного фонда в земли других категорий для целей, не связанных с ведением лесного хозяйства**, с 16 сентября 2025 года.

Территории воздействия: Карагандинская область, г. Теміртау и г. Саран.

Перевод земель планируется на территории КТУ «Карагандинское хозяйство по охране лесов и животного мира» Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области.

Цель использования земли: для строительства и обслуживания ВЛ-110кВ «КарПРЭС-2-Нурқазған».

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Тлеубаев Д., ве-


лущий инженер ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7212) 95 28 64, эл. адрес: Darhan.Tleubaev@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте https://ndbecology.gov.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 20 рабочих дней по ссылке https://ndbecology.gov.kz.

Местный исполнительный орган: Карагандинская область, г. Караганды, ул. Лободы, 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», +7 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Darhan.Tleubaev@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7212) 95 28 64.

д



Электрондық пошта: ortalysk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• ФУТБОЛ

Кәсіби футболға алғашқы қадам

Саран қаласының «Сұңқар» стадионында мектеп оқушыларына арналған «Freedom ALGA!» атты ауқымды фестиваль өтті. Қарағанды облыстық футбол федерациясының бастамасымен, облыс әкімдігінің қолдауымен өткен іс-шараға аймақ айдынындағы білім кемелерінен 3-4 сынып оқушылары арасынан 400 жеткіншек қатысты. Фестиваль аясында ұйымдастырылған мазмұнды шараларды облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей тамашалады.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шара футболды мектеп өміріне енгізуді көздейтін «ALGA!» жобасының аясында ұйымдастырылды. Бағдарлама мазмұнында бастауыш сыныптардың оқу бағдарламасына футболға арналған жеке дене шынықтыру сабағы енгізілді, ал, жоғары сынып оқушыларына арналған футбол секциялары ашылды. Жоба мазмұнына сай мектептер заманауи спорттық жабдықтармен қамтылып, дене шынықтыру мұғалімдері арнайы дайындықтан өтті.

— Бүгінгі фестиваль — футболды аймақтағы білім беру бағдарламасының барлық саласына енгізу бойынша бірлескен жұмыстың нәтижесі. Freedom Holding Corp компаниясының қолдауымен өңірде футбол академиясының құрылысы басталды. Онда манеж, ашық алаң және спорттық интернет бой көтереді. Сондай-ақ, облыс көлеміндегі 100 мектептің футбол алаңдары қайта жаңғыртылады. Жоба сәтімен болып, алдағы уақытта жас өрендердің арасынан



болашақ чемпиондар шығатынына кәміл сенемін, — деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.

Фестиваль қарсаңында мұғалімдерге арналған семинар өтті. Балалар лек-легімен түрлі жаңа жаттығуларды орындап, топ болып ойнауға машықтанды. Сонымен қатар, қатысушыларға арнап қызықты ойындар ұйымдастырылып, эстафеталар өткізілді.

Аталған жоба қазірдің өзінде оң нәтижелерін көрсетуде. Мектептегі дене шынықтыру сабақтары өзгеше қарқында өтсе, ал, педагогтер әдістемелік қолдау мен жаңа құралдарға не болып, білім беру саласына серпіліс әкелді.

— Биылғы оқу жылында бағдарламаға облыстың он мектебі қатысып отыр. 2029 жылға дейін «ALGA!» жобасы жүзден астам білім беру ұйымын қамтып, футболға 40 мыңнан астам баланы тартуды жоспарлап отыр, — деді

«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ филиалының директоры Ардак Елеусізов.

Freedom Football Group және Freedom QJ League президенті Рохус Шох та фестиваль қатысушыларына тілегін арнады.

— «Құрметті балалар, бүгін Қарағанды облысы әкімдігі, Freedom Holding Corp. және Тимур Турлов бірге үлкен жобаны ашып отыр. Қазақстанда алғаш рет мектеп бағдарламасына футбол енгізілді. Сіздер — бақытты жансыздар, өйткені осы жобаның алғашқы қатысушыларысыздар. Әрқайсыңыз спортшы болмасаңыздар да, футбол жүректеріңізде сақталады. Ол сіздерге әрқашан денсаулық, қуаныш пен жақсы көңіл-күй сыйласын! — деді ол.

Фестиваль барысында алаң біртұтас белсенділік аймағына айналды. Балалар топ-тобымен әртүрлі станциялардан өтіп, жаңа жаттығуларды орындап, команда болып ойнауды үйренді. Сонымен қатар флешмобтар, эстафеталар, ойындар ұйымдастырылып, трибунада ата-аналар мен жанкүйерлердің қызу қолдауы сезілді.

Фестиваль барысында ALGA! жобасының аймақтық қозғалысқа айналып келе жатқаны ерекше аталып өтті. Бұл қозғалыс балаларды да, мұғалімдерді де, бүкіл қауымды да біріктіріп отыр. Жоба қазірдің өзінде оң нәтижелерін көрсетуде: мектептегі дене шынықтыру сабақтары қызығырақ өтіп, балалар белсендірек қатысып жүр, ал педагогтар әдістемелік қолдау мен жаңа құралдарға не болды.

Шара соңы концерт бағдарламасына ұласты. Ұйымдастырушылар осы бәсекеге қатысқан командалардың барлық жас ойыншыларына тәтті-дәмді сыйлықтар үлестіріп, үздіктерді Алғыс хаттармен марапаттады.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ХОККЕЙ

Жанкүйерлерді жерге қаратпады

Хоккейден ел чемпионатының алғашқы кездесуінде «Сарыарқа» елордалықтарға есе жіберген болатын. Екінші ойында етек жеңіп үлгерген сынайлы. Олай дейтініміз, өз алаңында рудныйлық «Горняк» клубын қабылдап, қос кездесу қорытындысы бойынша 5:3 және 3:1 есебімен жеңді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әрине, команда мүшелеріне немесе ойын тактикасына қарап, қос команданы салыстыра алмаймыз. Дегенмен, қарағандылықтардың бір бәс жоғары екені сөзсіз. Оны жанкүйерлер қауымы да жақсы біледі. Алайда, рудныйлықтардың табандылығы мен қарсы шабуылы тым қауіпті болды. Сондықтан, жерлестерге қорғаныста сауатты ойнау қажет еді.

Бірінші кездесуде қос команда тактикалық тұрғыдан жақсы ойнады. Алғашқы айналымда бар болғаны екі шайба салынды. Ойынның алғашқы минутында-ақ алаң иелері алға шықты. Мергендігімен көзге түскен — Егор Смольянинов. Араға он минут салып, қарсыластар таразы басын теңестіріп үлгерді. Екінші айналымда дәл сондай жағдай. Төреші ойынды бастауға белгі берген бойда жерлестер сапынан Александр Борисевич екі минут өтер-өтпеспен есепті 2:1-ге жеткізген-тін. Іле-шала қарсыластар тағы да есепті теңестіріп кетті.

Ал, шешуші айналымда жерлестер жеңісті қолдан жұлып алды. Әуелі төреші шайбаны ойынға қосқан бойда

«Горняк» сапынан шабуылшы Руслан Утебаев шайба салып кетті. Алаң иелері үнсіз қалмады. 42-ші минутта — Артем Лихотников, 50-ші минутта — Кирилл Пономарев, 59-шы минутта — Александр Борисевич ойындағы екінші шайбасын салып, командаға жеңіс алып келді.

Қарсыластар қарымта ойынға тыңғылықты дайындалып келіпті. Әсіресе, қорғанысқа баса назар аударған. Ойынның 15-ші минутында «Горняк» сапынан Матвей Завьялов есеп ашқан болатын. Араға 30 секунд салып, алаң кожайындары сапынан Иван Степаненко таразы басын теңестірді.

Осыдан кейін жерлестер қарсыластардың осал тұсын таба алмады. Шабуыл болғанымен, нәтиже тіркелмеді. Әрі қорғанысын да күшейткен қарсыластардың тактикасын бұзып-жаруға да біршама уақыт қажет болды. Сәйкесінше, 21-ші минутта — Кирилл Пономарев қарсыластар қақпасына тағы бір шайба салып, 39-шы минутта — Егор Смольянинов есепті 3:1-ге жеткізді. Үшінші айналымда таблодағы есеп өзгермей осы күйінде қалды. Осылайша жерлестер өз алаңында ұпай жоғалтпады.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан



Аида үмітті ақтады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ширек финалда ол 2020 жылғы Олимпиада чемпионы, түркиялық Бусеназ Сиурменелиді жолдан тайдырды. Ал, актық айқаста өзбекстандық Навбахор Хамидовамен күш сынасты. Алғашқы екі раунд өзбек боксшысының еншісіне шешілгенімен, шешуші раундта жерлесіміз мінез көрсетті. Сөйтіп, жерлесіміз жеңісті қолдан суырып алды. Осылайша, Аида өз салмағында әлемнің екі дүркін чемпионы атанды.

Негізі, Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен боксшылардың осалы жоқ. Кіл мықты. Кіл жүйрік. Сынақтан мүдірмей өткен бас спортшылар. Содан болса керек, қалың ел әрқайсысынан алтын күтті. Нәтижесінде, үміт ақталды.

Әйелдер құрамасы сапында 51 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Аида Балқыбекова өзінің шеберлігін дәлелдеп, түркиялық қарсыласы Бусе Наз Чакыроғлудан басым түсті. Ал, 48 келіге дейінгі салмақта ел намысын қорғаған Назым Қызайбай финалда үндістандық Минакшимен қолғап түйістіріп, күміс жүлдені қанағат тұтты. Сондай-ақ, 60 келіде сынға түскен Виктория Графеева мен 80



келіден жоғары салмақтағы Елдана Тәліпова қола медаль еншілеп, үздіктер қатарынан көрінді. 70 келіге дейінгі салмақта қарсылас шак келтірмеген Наталья Богданова айқын басымдықпен жеңіске жетіп, чемпион атанды.

Ерлер құрамасынан алғаш болып алтын жүлдеге қол жеткізген 50 келіге дейінгі салмақтағы боксшы Санжар Тәшкенбай актық сында моңғол боксшысы Алдархишиг Баттулгамендіні қапы қалдырып, ел қоржынына алғашқы алтынды салды. Айта кетерлігі, бұл жеңіс Санжардың әлемдік деңгейдегі екінші чемпиондық атағы болып тарихқа енді.

55 келіге дейінгі салмақта бақ сынаған Махмұд Сабырхан бұл жолы да биіктен көрінді. Бұған дейін үш мәрте әлем чемпионына қатысып, бірде күміс, бірде алтын олжалаған еді. Осы жолы актық сында испан боксшысы Рафаэль Лосано Серраномен кездесіп, айқын басымдықпен жеңіске жетті. Осылайша, Махмұд екі дүркін әлем чемпионы атанды. 70 келіге дейінгі салмақта алғаш рет ересектер арасындағы әлем чемпионатына қатысқан Төрехан Сабырхан сенімді қадам жасап, чемпиондық белесті бағындырды.

Осы жеңістердің арқасында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте алтын медаль саны бойынша көш бастады. Жаһандық додада жеті алтынды қатарынан еншілеген ел спортшылары басты қарсылас саналатын Өзбекстан құрамасын артта қалдырды. Өзбекстандықтар алты алтын, екі күміс және үш қола жүлдемен екінші орынға тұрақтады. Ал, үздік үштікті екі алтын, бір күміс және бір қоламен Үндістан құрамасы түйінделді.

Бұл жолы қазақ боксшыларының ұпайы түгел. Қоржынға түскен жүлделердің бәрі ел мерейін үстем етті. Тек алтыннан үміт құттырған Назым Қызайбайдың жетістігін қайталай алмағаны жанкүйерлерге аздаған өкініш сыйлады. Дегенмен, біз үшін Назым — чемпион.

Енді чемпиондарымыздың жеңісті жолы 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін Олимпиада төрінде жалғасын табады деген сенім зор. Қазақ спортының үкілеп қосқан ұландары әлемдік рингте тағы да биіктен көрінетініне жұртшылықтың күмәні жоқ.

Суреттер Қазақстан бокс федерациясынан

**ORTALYQ
QAZAQSTAN**

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор

Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары

Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары

Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА

Бас редактор

Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары

Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы

А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы

С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,

Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,

БИК KСJBKZKX БИН 000840001412

Тарапымы 3 512

№101 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша

«Типография Арк» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор Гүлнұр СЕРІКЖАҢҚЫЗЫ